

ӘОЖ 7.071.1

ҒАЗИЗА ЖҰБАНОВАНЫҢ ДӘСТҮРІ МЕН ИННОВАЦИЯСЫ

Ғазиза Жұбанованың есімі қазақ музыкасының тарихына XX ғасырдың музыка әлемінің ұлы өкілдері туындыларының шығармашылығымен қатарлас тұспа-тұс келген, қазіргі кезеңдегі классика жанрының ең елеулі қайраткерлерінің бірі ретінде өнер сүйер қауымға кеңінен танымал. Атақты сазгердің сан қырлы музыка өнеріндегі қызметін-композитор, педагог, музыка танушы қоғам қайраткері, КСРО Халық әртісі (1981), Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1964), Қазақ мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор (1978), жақсы білеміз.

Оның музыкасына қазіргі заман идеялары мен образдарының көркемдік бейнесінің тереңдігі, ойлау мен мазмұнның ауқымдылығы тән. Композитордың шығармашылық жолы алуан түрлі-бұл вокалдық және аспаптық, драмаға арналған музыка, опера және балет қойылымдары, камералық және вокалдық-аспаптық, сондай-ақ симфониялық туындылар. Композитордың, әсіресе симфониялық жанрлары, қазақ музыка психологиясын эмоционалды түрде дамыған жолын байыта, толықтыра түседі.

Ғазиза Жұбанова халқымыздың тарихының кеңестік кезеңі тақырыбын қазіргі заманауи адамның көзқарасымен жоғары жауапкершілікпен музыка тілімен астарлай, бейнелей білген. Оның шығармаларына көркемдік-идеялық тұрғыдан алып қарағанда, ескіліктен қазіргі заманға, ұлттықтан интернационалдыққа, дәстүрліден заманауиға қарама-қайшылықтар мен салыстырулар тән болып келеді.

Еліміздің өткен тарихы мен қазіргі кездегі заманы, композитордың көптеген шығармаларының түпкі мазмұнына негіз болды. Бұлар әсіресе театрландырылған-сахналық музыкада кеңінен байқалады, онда әр түрлі оқиғаларға сәйкестендіріліп музыка жазылған. Әуел бастан опера жанрында (1954) ойластырылып, М.Әуезовтің "Түнгі сарын" пьесасына жазылған алғашқы музыкалық шығармасының бірі, 1916 жылғы көтеріліс оқиғасы туралы баяндайды. Осы тақырып, ақын Хамит Ерғалиевтің сөзіне жазылған "Заря над степью" ораториясы мен оркестрге арналған "Батырлық поэмасының" негізін құрап жазылған. "Татьянаның хаты" мен "Адам баласын сүй" ораториялары классикалық және заманауи негізінде бола келе, композитордың жеке іш дүниесінің толқындарын да сездіреді.

Композиторлық ойлап жазудың жаңа тәсілі оның ерте шығармаларында - "Ақ құс туралы аңыз" және "Хиросима" балеттерінде анық байқалады. Композитордың музыкасында, түрлі ұлттық мәдениеттерді салыстыруда терең көрініс тапқан, бұл символистік, сонымен бірге гуманистік идея бейбітшілікке, бақыт пен бостандыққа шақырады. Мәңгілік заманауи және

өзекті тақырыптары балет жанрында көрініс тауып, осы музыкасы үшін Қ.Жұбанова ҚазССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Композитор шығармашылық жолының басында-ақ, қазақ фольклорын заманауи музыкалық тілмен жаңашылдық танытудың жарқын үрдісі ретінде кеңінен пайдаланғаны байқалады. Ғазиза Жұбанованың халық аспаптық күй жанрына деген ерекше көзқарасын көп өлшемді даму мен фортепианолық пьесаларынан бастап, ауқымды жанрларға дейін симфонияландырылғанынан естуге болады. Ол аспаптық күйлері арқылы шығармашылығының терең эпико-философиялық мазмұнын аша білген. Домбыра сыры сипатты, күй ырғағы мен халық аңызының жарқын бейнесі бар "Ақсақ құлан" симфониялық поэмасы, композитордың шеберлік мәнерінің ерте заманауи құралдарымен күйдің жаңашыл дамуының негізін қалаған. Содан кейінгі Ахмет Жұбановты еске алуға арналып бірінші жазылған "Жігер" симфониясы жиі орындалып, музыкалық, образдық және тембрлік дамудың дәстүрлі және онымен байланысты емес принциптерінен асып түседі.

Халық күйлері осы кезеңде опера жанрында мүлде жаңаша түрленеді. Бұл ерекше құбылыс-вокалдық және хор музыкасындағы аспаптық екі дауысты дыбыс болып келеді. Бастапқы музыканы өзгеше өңдеудің жаңалығы мәтінді енгізумен де ерекше көрінеді. Осылайша композитор "Құрманғазы" операсында, Ахмет.Жұбановпен бірлескен жұмысында барлық образдарды байытып, жеткізе түседі. Бұл қисынды да түсінікті-халық-аспаптық жанр арқылы қазақ халық күйшісінің бейнесіне жүгінудің жаңа тәсілі.

Ғазиза Жұбанова опера жанрына арнаған шығармаларында әдеттегі классикалық дәстүрлерді сақтай қойған жоқ, керісінше-жаңашылдықты кеңінен пайдалану арқасында оның музыкасы басқа қазақ композиторларының музыкасынан ерекшелене түсті. Егер біз оның операларын ғана қарастыратын болсақ, онда ең алдымен жанрлардың әртүрлілігі мен араласуын байқаймыз. "Еңлік-Кебек" драмасын мазмұны жағынан алғы сөз бен эпилогтың эпикалық драматургиясымен, реквием мен Абыздың бейнесін енгізу арқылы оны лирикалық – драма ретінде жазған. Сонымен қатар, операда пайдаланылған хордың осы жанр үшін қызықты және дәстүрлі емес драмасы да бар. Бұл амал операны драмалық өнердің түріне, тіпті ежелгі грек драмасына да жақындатады.

"Жиырма сегіз" операсында сол кездегі ақындардың өлеңдерінен және майдангерлердің хаттарынан тұратын сюжеттің драматургиясы бойынша жазған опера жанры поэма ретінде анықталған. Оның құрамына пролог пен эпилог, сонымен қатар хор реквиемі де енген. Ғазиза Жұбанованың опера жанрындағы жаңашылдық ерекшеліктерін жинақтай отырып, ең алдымен жанрдың күрделілігі мен синтез құрылысына назар аударамыз. Маңызды факт-операның халықаралық мәні, онда әр түрлі ұлттардың опера кейіпкерлері вокалдық партияларын өз ана тілінде орындауында болып

таббылады. Композитор музыкалық тілдің де, опера драматургиясының да стилінің бірігуіне талаптанып, қол жеткізеді. Барлық опералардың өзіне тән ерекшелігі-философиялық-эпикалық бағыттағы идеялар мен бейнелердің көркемдік көрінісінің ауқымы мен тереңдігінде жатыр. Музыкалық тіліне келетін болсақ, қазақ фольклорымен ерекше қарым-қатынас, сонымен қатар мәнерлілік құралдарындағы жаңашылдық және музыкалық шығармашылықтың классикалық элементтеріне сүйенгені сөзсіз.

Жазушы Шыңғыс Айтматовтың "Ғасырдан да ұзақ күн" романының желісі бойынша жазылған соңғы опера да музыкалық тілі болсын, драматургия, жанр және философиялық идеяның тереңдігі жағынан болсын ең күрделі шығарма. Композитор либреттоны құруда әдеби жанрды ұстанады, онда әңгіме аясында аңыз арқылы іс-әрекет дамиды, басты кейіпкер Едіге бейнесі өткеннің көзқарасы ретінде жанама сипаттама алады. Ғазиза Жұбанова «Менің әлемім- музыка» атты естеліктерінде былай сипаттаған ..."Айтматовтың аңыздары" операсының екінші атауы оның мәніне көбірек сәйкес келетін шығар.». Демек, опера жанры-философиялық астарлы әңгіме " адам өміріндегі өткен, қазіргі және болашақты камтиды.."["Менің әлемім-музыка" 63 бет]. Бұл операда композитор сюжет пен либреттодан бастап, музыкалық тілдің хореографиямен, драматургиямен және операның вокалдық бөлігі синтезінен бастап, жанрдың барлық құрамдас бөліктеріндегі жаңашылдық ерекшеліктерін кеңінен пайдаланған. Бұл жоғары көркем шығармада композитордың философиялық жинақталуының тереңдігі-өмірдің мәні мен адамзат тұрмысының барлық кезеңінде өзекті болған тұлға бостандығы үшін күресін айқын көрсетеді.

Оның опералық шығармашылық үлгілерінде композиторлық жазудың байлығы мен алуан түрлілігін көреміз, музыканың ажырамас бөлігі опералық партитураны симфонияландыру, даму жолының полифониялығы, ойлау ауқымдылығы, терең ұлттық идеялылық болып табылатынын байқаймыз. Композитор шығармашылығындағы кіші формадан бастап, ірі вокалды-симфониялық шығармаларға дейінгі басқа жанрлардың шығармаларын қарастыра отырсақта, дәл осындай үрдісті байқаймыз. Ғазиза Жұбанованың шығармашылығына, менің ойымша, музыкалық тілдің мазмұнының барлық драматургиясы мен психологизміндегі баяндылығы тән. Дәл осындай баяндау симфониялық шығармашылығында ертеде, жетілген кезеңде де ұсынылған. Композитор өзінің барлық шығармаларында, тіпті қайғылы сюжеттік желілерде де идеялық ниеттің оң шешімін таба білген. Музыкатанушы Үміт Джумакова атап өткендей, мысалы, "Ақсақ құлан" симфониялық поэмасында-" оның "оқуында" осы аңыздың авторлық-позитивті-өмір мен өнердің мәнін бейнелеумен үндес ішкі дауысы белгіленген. Поэма жырлаушы сипаттағы айрықша емес тақырыппен аяқталады..." ["1920-1980 жылдардағы Қазақстан композиторларының шығармашылығы".164 бет.]. Осы орайда музыкатанушы, композитор

стилінің кемелденгенін және күй жазудың басқа тәсілін ойлап тапқанын атап өтеді -" полемизирует "- немесе:" Ғазиза Жұбанованың шығармашылығында халық әндері мен күйлері диалогтары маңызды рөлімен қатар...күй-философиялық тереңдетудің белгісі, жалпылау тәсілі бейнесін атқарады".

Ғазиза Жұбанованың композиторлық шеберлігінің ерекше дарынын қорытындылауға, оның шығармашылық мазмұнының маңыздылығы мен тереңдігін түсінуге тырыса отырып, музыкасының қазіргі заманға сәйкес өзектілігін айқынырақ және шынайы ретте екенін анық байқаймыз. Ғазиза Жұбанованың әлі толығымен зерттелмеген туындылары, болашақ музыка танушылардың түпкілікті, тереңінен талдау жасауын талап етеді.

Әдебиет:

1. Қазақ совет музыкасының тарихы туралы очерктер. Алматы 1962.
2. Ғ.Жұбанова. Менің әлемім - музыка. 1997
3. Ұ.Жұмақова. 1920-1980 жылдардағы Қазақстан композиторларының шығармашылығы. 2003
4. Н. Кетегенова, Ұ.Жұмақова.Қазақ музыка әдебиеті 1920-1980 жж. 2014
5. С.Күзембаева. Әдемі ән айту. 1982